

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

«Сайрам ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша: (____ парақ)

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Сайрам ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың тиімділігі, даму жоспарының іске асырылуы және жергілікті бюджет түсімдерінің дұрыстығы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

«Сайрам ауданы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Ақсукеңт ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Арыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Жібек-Жолы ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: Сайрам ауданының «Қарабұлақ ауыл округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Таза ауыл» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны*, Сайрам ауданының «Қарамұрт ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Қарасу ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Құтарыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Көлкент ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының «Манкент ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны*, Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ақсу жекпе-жек спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ақсукеңт спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру

және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: Сайрам ауданы әкімдігінің «Сайрам тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*, «Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Үйде әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сайрам ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Сайрам ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, *үстеме тексеру объектісі: Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақсу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны*, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Сайрам ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2021 – 31.03.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Сайрам ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалыуына, сондай-ақ ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 15.05.2023 – 10.07.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 33 аудит объектісі қамтылды, оның ішінде 4 үстеме тексеру, 23 мемлекеттік мекеме, 6 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2 коммуналдық кәсіпорын, 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бар.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Сайрам ауданының бюджетті тиімді жоспарлануымен атқарылуына, аумақты дамыту бағдарламасының және бюджеттік бағдарламалардың іске асыруына, бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдаланылуына тиімділік және сәйкестік аудиті жүргізілді.

2021 жыл

Сайрам ауданының 2021 жылғы негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдармен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсеткен.

Бірінші кезекте ауданның жалпы өңірлік өнім көлемі 2021 жылы 196 787,4 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 6,9 пайызға артқан.

-Халық саны 2021 жылы 223,7 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға өскен.

-Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2021 жылы 38 084,8 млн. теңгені, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 104,1 пайызды құраған.

-Ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 2021 жылы 110 056,2 млн. теңгені, нақты көлем индексі 101,2 пайызды құраған, оның ішінде, мал шаруашылығы өнімінің көлемі 61 684,3 млн. теңгені, нақты көлем индексі 104,8 пайызды құраған.

-Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 27 665,3 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 96,0 пайызға орындалған.

Оның ішінде:

РБ – 2 638,4 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 59,9 пайызды құраған. Жалпы 2021 жылы облыстық көрсеткіш 83 492,1 млн. теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 3,2 пайызын құраған.

ЖБ – 2 511,1 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 79,9 пайызды құраған. Жалпы 2021 жылы облыстық көрсеткіш 126 337,2 млн. теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 2,0 пайызын құраған.

Жеке сектор көлемі – 21 312,6 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 4 809,4 млн.теңгеге немесе 129,1 пайызға артқан.

- Шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 16 423 субъект тіркеліп, оның ішінде жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілерінің саны 15 764 немесе 96,0 пайызды құраған. Жұмыспен қамтылған адам саны 24 361 адам және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 127,6 млрд.теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2020 жылмен салыстырғанда 6,0 пайызға және өнім көлемі 41,1 пайызға артқан.

- Жұмыспен қамтылған 24 361 адам саны болып, 2020 жылмен салыстырғанда 6,0 пайызға артқан (2020 жылы 22 988 адам).

- Шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 127 600,0 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 41,1 пайызға өскен (2020 жылы 90 427,0 млн. теңге).

- Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 20 бірлікті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 133,3 пайыз (2020 жылы 15 бірлік).

- Бөлшек сауда айналымының көлемі 34 885,7 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 118,0 пайызды құраған.

- Экономикалық белсенді халық саны 2021 жылы 87,0 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 6,0 пайызға артқан (2020 жылы 82,1 мың адам).

- Жалдамалы қызметкерлер саны 21,5 мың адамды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 100,3 пайыз (2020 жылы 21,5 мың адам).

- Жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайызды құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық пунктке өскен.

- Орташа айлық жалақы көлемі 211 109 теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 13,1 пайызға өскен.

- Тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2021 жылы 22 898 адамды құраса, 2020 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 23690 адам немесе 96,9 пайыз болған.

- Тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2021 жылы 3371 теңгені құраған. 2020 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 4570 теңге болған.

- Орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 36 689 теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға артқан.

- Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2020 жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталған.

- Құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2021 жылы 13 760,7 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 9,7 пайызға артқан.

- Халықтың сырқаттанушылығы 25 402,8 көрсеткішті құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 40,0 пайызға төмендеген.

- Тіркелген қылмыстардың саны 706 құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 13,7 пайызға өскен.

2022 жыл

2022 жылғы Сайрам ауданының негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің 2021 жылмен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталған.

Бірінші кезекте ауданның ЖӨӨ көлемі 2022 жылы 241 206,1 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артқан.

- Халық саны 2022 жылы 231,4 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 3,4 пайызға өскен.

- Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2022 жылы 57 501,9 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 105,8 пайызды құраған.

- Ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 2022 жылы 124 256,4 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,6 пайызды құраған, оның ішінде, мал шаруашылығы 69 743,2 млн. теңгені құрап, 102,3 пайызды құраған.

- Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 39 543,1 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 137,3 пайызды құраған.

Оның ішінде:

РБ – 4 095,8 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 155,2 пайызды құраған. Жалпы 2022 жылы облыстық көрсеткіш 161 740,1 млн. теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 2,5 пайызын құраған.

ЖБ – 698,0 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 27,8 пайызды құраған. Жалпы 2022 жылы облыстық көрсеткіш 101 384,7 млн. теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 0,7 пайызын құраған.

Жеке сектор көлемі – 32 598,6 млн.теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 10 150,8 млн.теңгеге немесе 42,5 пайызға артқан.

- Шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 18 880 субъект тіркеліп, оның ішінде жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілерінің саны 18 454 немесе 97,7 пайызды құраған. Жұмыспен қамтылған адам саны 27 354 адам және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 161,0 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2021 жылмен салыстырғанда 17,1 пайызға және өнім көлемі 10,2 пайызға артқан.

- Жұмыспен қамтылған 27 354 адам саны болып, 2021 жылмен салыстырғанда 17,1 пайызға артқан (2021 жылы 23 367 адам).

- Шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 161 000,0 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда нақты көлем индексі 10,2 пайызға өскен (2021 жылы 146 138,0 млн. теңге).

- Ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 16 бірлікті құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 106,7 пайыз (2021 жылы 15 бірлік).

- Бөлшек сауда айналымының көлемі 4 066,9 млн. теңгені, 2021 жылмен салыстырғанда 111,8 пайызды құраған.

- Экономикалық белсенді халық саны 2022 жылы 84,8 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 2,5 пайызға төмендеген (2021 жылы 87,0 мың адам).

- Жалдамалы қызметкерлер саны 21,6 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 101,3 пайыз (2021 жылы 21,4 мың адам).

- Жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық пунктке төмендеген.

- Орташа айлық жалақы көлемі 197 003 теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 3,9 пайызға өскен.

- Тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының алушылар саны 2022 жылы 18 621 адамды құраса, 2021 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушы 22 878 адам немесе 81,4 пайыз болған.

- Тағайындалған атаулы әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері 2022 жылы 5 154 теңгені құраған. 2021 жылы атаулы әлеуметтік жәрдемақы 3 370 теңге болған.

- Орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 43 453 теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 2,1 пайызға артқан.

- Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2021 жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталған.

- Құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2022 жылы 15 380,9 млн. теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 78,5 пайызға артқан.

- Тіркелген қылмыстардың саны 510 құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 27,8 пайызға төмендеген.

01.01. – 31.03.2023 жыл

Сайрам ауданының 2023 жылғы 1-тоқсанның негізгі әлеуметтік экономикалық даму көрсеткіштерінің өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғандағы қарқынын талдау нәтижелері көрсеткендей, жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер оңды динамиканы көрсетті.

Бірінші кезекте ауданның ЖӨӨ көлемі 2023 жылдың 1-тоқсанында 41 058,3 млн. теңгені, 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда 100,0 пайызды құрады.

- Халық саны 2023 жылдың 1 наурызына 232,9 мың адамды құрап, 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 3,7 пайызға өскен.

- Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2023 жылдың 3 айында 10,9 млрд.теңгені, нақты көлем индексі 101,5 пайызды құраған.

- Ауыл шаруашылық өнімінің көлемі 2023 жылы 18638,0 млн. теңгені, нақты көлем индексі 98,3 пайызды құраған, оның ішінде, мал шаруашылығы 17 883,3 млн. теңгені, нақты көлем индексі 98,2 пайызды құрап, көрсеткіш қарқыны төмендеген.

- Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 5 897,7 млн. теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 126,1 пайызға артығымен орындалған.

Оның ішінде:

РБ – 2638,4 млн.теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 59,9 пайызды құраған. Жалпы 2021 жылы облыстық көрсеткіш 83492,1 млн.теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 3,2 пайызын құраған.

ЖБ – 2511,1 млн. теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 79,9 пайызды құрады. Жалпы 2021 жылы облыстық көрсеткіш 126 337,2 млн.теңгені құраса, Сайрам ауданының көрсеткіші облыс көрсеткішінің 2,0 пайызын құраған.

Жеке сектор көлемі – 5886,1 млн.теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 1338,3 млн.теңгеге немесе 129,4 пайызға артқан.

- Шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 20 574 субъект тіркеліп, оның ішінде жұмыс істеп тұрған белсенді субъектілерінің саны 20 168 немесе 126,3 пайызды құрады. Жұмыспен қамтылған адам саны 27 832 адам және өнім көлемі (жұмыс, қызмет) 38,1 млрд. теңге. Жұмыспен қамтылғандар 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда 19,2 пайызға және өнім көлемі 38,2 пайызға артты.

- Жұмыспен қамтылған 27 832 адам саны болып, 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда 19,2 пайызға артқан (2022 ж. 3 ай – 23 358 адам).

- Шағын және орта кәсіпкерліктегі субъектілерінің өнім шығарылымы (тауарлар, қызмет көрсетулер) 38 092,2 млн. теңгені құрап, 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда нақты көлем индексі 38,2 пайызға өскен (2022 ж. 3 ай- 27 555,0 млн. теңге).

- Бөлшек сауда айналымының көлемі 9 365,8 млн. теңгені құрап, 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда 112,2 пайызды құраған.

- Экономикалық белсенді халық саны 2022 жылы 93,2 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 9,8 пайызға артқан (2021 жылы 84,8 мың адам).

- Жалдамалы қызметкерлер саны 40,6 мың адамды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 100,3 пайыз (2021 жылы 37,8 мың адам).

- Жұмыссыздық деңгейі 5,0 пайызды құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 0,1 пайыздық пунктке төмендеген.

- Орташа айлық жалақы көлемі 238 690 теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 13,1 пайызға өскен.

- Орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейі 44 405 теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға артқан.

- Мектепке дейінгі ұйымға кіретін балалардың орынмен қамтылуы 100 пайыз болып, 2022 жылмен салыстырғанда бір деңгейде сақталған.

- Құрылыс жұмыстары қызметтерінің жалпы көлемі 2023 жылдың 3 айында 2154,5 млн. теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 9,6 пайызға артқан.

- Тіркелген қылмыстардың саны 139 құрап, 2022 жылдың 3 айымен салыстырғанда 5,4 пайызға төмендеген.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 21 478 283,0 мың теңге (РБ -9 508 587,0 мың теңге, ЖБ -11 969 696,0 мың теңге) қамтылды, оның ішінде 2021 жыл кезеңі бойынша 6 320 282,0 мың теңге (РБ -1 004 018,0 мың теңге, ЖБ – 5 316 264,0 мың теңге), 2022 жыл кезеңі бойынша 13 262 901,0 мың теңге (РБ - 8 503 744,0 мың теңге, ЖБ -4 759 157,0 мың теңге), 2023 жылдың 1-тоқсан кезеңі бойынша 1 895 100,0 мың теңге (РБ – 825,0 мың теңге, ЖБ – 1 894 275,0 мың теңге) қамтылды.

Жалпы аудит барысында қамтылған 33 аудит объектілерінің ішінде 17 аудит объектісінде – **149 512,9 мың теңгені** құрайтын қаржылық, тиімсіз

пайдалану және бюджетке түсетін түсімдер бойынша қаржылық бұзушылықтар анықталған. Оның ішінде:

- барлық қаржылық бұзушылықтар **136 055,6 мың теңгеге** (қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі 134 941,3 мың теңге, өтелуге жататын қаржы көлемі 1 114,3 мың теңге) 15 аудит объектісінде;

- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 10 039,2 мың теңгеге 2 аудит объектісінде орын алған.

- сонымен қатар 1 аудит объектісінде бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 3 418,1 мың теңгені құраған.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **136 037,2** мың теңге өтеліп, қалпына келтірілген болса, аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында 18,4 мың теңге өтелген (оның ішінде 134 941,3 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 114,3 мың теңгесі өтелген). Анықталған қаржылық бұзушылықтар бүгінгі таңға толығымен өтеліп, қалпына келтірілген.

Сонымен бірге, мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен байланысты заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары жалпы 91 бірлікті құрап, 23 аудит объектілерінде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

1. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 12 мекемеде 1 114,3 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:

- Мемлекеттік аудит барысында 3 мекемеде мекеме қызметкерлеріне 96,2 мың теңге сыйлықақы артық аударылғаны анықталды.

1. «Сайрам ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 58,7 мың теңге;

2. «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 9,0 мың теңге;

3. Сайрам ауданының «Сайрам ауданы жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 28,5 мың теңге;

Бұл ретте, Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N95-IV «Бюджет Кодексінің» 115-бабының талаптары сақталмаған.

- Мемлекеттік аудит барысында 4 мекемеде 127,7 мың теңге көлемінде іс-сапар шығыны артық аударылғаны анықталды.

1. Сайрам ауданының «Арыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 18,4 мың теңге;

2. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Аксу жекпе-жек спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 35,0 мың теңге;

3. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 46,7 мың теңге;

4. Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Үйде әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 27,6 мың теңге;

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1-ші, 2-ші тармақшаларының және 6 тармағының талаптары сақталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында 4 мекемеде 842,5 мың теңге көлемінде айлық жалақыны артық аудару бұзушылық фактілері анықталған.

1. Сайрам ауданының «Құтарыс ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 135,7 мың;

2. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 34,8 мың теңге;

3. «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 110,3 мың теңге;

4. «Сайрам ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ бойынша 561,7 мың теңге;

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексінің 103 бабы 1-тармағының талабы сақталмаған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №482-V ҚРЗ «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 15 бабы 2 тармағының 4 тармақшасы сақталмаған.

Сонымен қатар мемлекеттік аудит барысында 1 мекемеде 47,9 мың теңге көлемінде құрылыс монтаждау жұмыстары бойынша дұрыс есептелмегені анықталған.

Атап айтқанда, 2021 жылы 124011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы, 015 жергілікті бюджет қаражаты есебінен 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы негізінде «Ақбұлақ ауылдық округіндегі Балабеков көше бойындағы спорт алаңшасын ағымдағы жөндеуге» Мекеме тарапынан мердігер мекеме «EurAsia Construction group» ЖШС-мен 2021 жылғы 26 маусымдағы №26 санды шарты түзіліп, шарттың құны 1 523,2 теңгені құраған. Алайда, аудит барысында сметалық құжаттамадағы техникалық қадағалау қызметіне қаралған 47,9 мың теңге қаржы (ҚҚС қоса алғанда), құрылыс монтаждау жұмыстары ретінде мердігер мекемеге 2021 жылдың тамыз айында төленгендігі анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97 бабының 6-тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 215-тармағының талаптары сақталмаған.

II. Бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 4 мекемеде жалпы 134 941,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

1. «Сайрам ауданының Ақсукуент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 1 287,6 мың теңге;

2. Сайрам ауданының «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 076,0 мың теңге;

3. Сайрам ауданы әкімдігінің «Көлкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 857,0 мың теңге;

4. «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 127 720,7 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4,15,142, 196,198, 243, 244, 247 тармақтарының талаптары сақталмағаны анықталды.

III. Тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 2 мекемеде 10 039,2 мың теңгені құраған.

1. Сайрам ауданының «Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 580,0 мың теңге;

2. Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақсу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 7 459,2 мың теңге тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты анықталды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңының 139- бабының 5 тармақшасының және кәсіпорын Жарғысының 4-тарау 17 тармағының 10 тармақшасының (Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады) талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 12-4) тармақшасының (бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану) талабы сақталмаған.

IV. Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша 1 мекемеде жалпы сомасы 3 418,1 мың теңгені құрады. Атап айтқанда:

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сайрам ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит барысында бюджетке 3 418,1 мың теңге түсірілген.

Яғни, жергілікті бюджетке 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» салықтық сыныптама кодына 1 853,3 мың теңге, 103101 «Әлеуметтік салық» салықтық сыныптама кодына 1 564,8 мың теңге салық есептеліп, аудит іс-шарасы барысында жергілікті бюджеттің артық төлем сомасы есебінен шегерілді.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 23 объектіде жалпы 91 бірлік бұзушылық фактілері орын алған. Атап айтқанда:

1. Бюджет заңнамасын бұзушылықтар бойынша 12 мекемеде 38 бірлік анықталған:

1. «Сайрам ауданының Ақсукуент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

2. «Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

3. «Сайрам ауданының Қарамұрт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

4. Сайрам ауданының «Құтарыс ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

5. «Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;

6. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Аксу жекпе-жек спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

7. «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

8. «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 12 бірлік;

9. Сайрам ауданы әкімдігінің «Сайрам тазалық» ЖШС-де 5 бірлік;

10. «Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

11. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сайрам ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

12. «Сайрам ауданы әкімдігінің «Жібек жолы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік.

2. бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманы бұзушылықтар бойынша 11 мекемеде 26 бірлік анықталған:

1. Сайрам ауданының «Арыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

2. «Сайрам ауданы әкімдігінің «Көлкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

3. Сайрам ауданының «Манкент ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

4. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 1 бірлік;

5. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Аксукент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

6. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

7. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

8. Сайрам ауданы әкімдігінің «Сайрам тазалық» ЖШС-де 9 бірлік;

9. Сайрам ауданының «Сайрам ауданы жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

10. Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Үйде әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

11. «Сайрам ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік.

3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар бойынша 1 мекемеде 3 бірлік анықталған:

1. «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік.

4. Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар бойынша 8 мекемеде 24 бірлік анықталған:

1. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 7 бірлік;

2. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Аксу жекпе-жек спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

3. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

4. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

5. «Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

6. «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

7. «Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 5 бірлік;

8. «Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Сайрам ауданының «2021-2023 жылдарға арналған аудан бюджеті» аудандық мәслихат сессиясының 2020 жылдың 23 желтоқсандағы №64-384/VII шешімімен 32 965 599,0 мың теңге көлемінде бекітілген.

Аудандық мәслихаттың шешімімен 2021 жылы бюджеттің кіріс бөлігі 5 рет нақтыланған. Нәтижесінде аудандық бюджеттің бастапқыда бекітілген кірістер көлемі 32 965 599,0 мың теңгеден 33 500 294,0 мың теңгеге немесе 534 695,0 мың теңгеге көбейтілген. Ал, аудандық бюджеттің өзіндік кірістері 3 339 366,0 мың теңгеден 4 158 988,0 мың теңгеге дейін немесе 819 622,0 мың теңгеге ұлғайған, яғни 124,5%-ға артқан.

Аудандық бюджеттің кіріс бөлігін нақтылау 534 695,0 мың теңге сомасындағы өзіндік кірістердің, оның ішінде салықтық түсімдердің 627 145,0 мың теңгеге, салықтық емес түсімдердің 6 347,0 мың теңгеге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің 198 824,0 мың теңгеге ұлғаюы есебінен және трансферттер түсімдерінің 284 927,0 мың теңгеге азаюы есебінен өзгерген.

Табыс салығы 354 863,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Әлеуметтік салық 365 591,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Меншікке салынатын салықтар 108 652,0 мың теңгеге қайта азайтылған.

Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар 28 796,0 мың теңгеге кемітілген.

Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер жоспары 55 028,0 мың теңгеге кемітілген.

Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер жыл ішінде 11 015,0 мың теңгеге кемітілген.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулардың жалпы жылдық жоспары жыл ішінде 51,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Өзге де салықтық емес түсімдердің жылдық жоспары 4 617,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер жоспары 11 824,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Жерді және материалдық емес активтерді сату жоспары 187 000,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Аудандық бюджеттің кіріс бөлігінде салықтық түсімдер – 12,3% немесе 4 157 684,9 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 0,02% немесе 7 905,0 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 0,7% немесе 265 333,2 мың теңгені, трансферттердің түсімдері – 86,8% немесе 29 341 306,0 мың теңгені құраған.

2021 жылы аудандық бюджетке түскен түсімдер 2020 жылмен салыстырғанда 8 218 927,9 мың теңгеге кем түскен (2020 жылғы түсімдер 33 772 229,2 мың теңге). Аудан бюджетінің өзіндік кірістері 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 137 585,4 мың теңгеге артқан (2020 жылғы өзіндік кірістер 4 293 923,1 мың теңге).

2021 жылы түсімдердің жалпы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 9 624 962,6 мың теңгеге немесе 77,8% кем түскен. Бұл кем түскен себебі трансферттер түсімдерінің 9 762 548,0 мың теңгеге азайтылған.

Сонымен бірге, өзіндік кірістер 2020 жылмен салыстырғанда 137 584,4 мың теңгеге немесе 103,2% есеге артқан. Оның ішінде салықтық түсімдердің көлемі 706 828,8 мың теңгеге немесе 120,5% есеге артса, салықтық емес түсімдер 10 676,8 мың теңгеге азайтылып, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 21 392,1 мың теңгеге төмендеген.

2021 жылдың қорытындысымен жалпы кірістер жоспары 34 079 768,0 мың теңге, орындалғаны 34 419 720,7 мың теңге, 339 952,7 мың теңгеге немесе 101,0 пайызға асыра орындалған.

2021 жылға арналған аудандық бюджет 23.12.2020 жылғы №64-384/VII шешімімен шығыстар бөлігі 32 965 599,0 мың теңге көлемінде бекітілген.

Аудан бюджеті жыл бойына 6 рет мәслихат шешімімен нақтыланып, 8 рет аудан әкімдігінің қаулыларымен түзетулер нәтижесінде аудан бюджетінің шығыс бөлігі 33 771 407,0 мың теңгені құраған. Есепті қаржы жылына нақтыланған бюджеттен ауытқу жалпы 534 954,0 мың теңге.

Жалпы бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджетті нақтылау және түзету барысында енгізілген өзгерістерді талдау нәтижелері көрсеткендей, негізінен толық пайдаланылмаған трансферттерді қайтару, облыстық бюджеттен берілген немесе қысқартылған нысаналы трансферттер есебінен, бюджеттің бос қалдықтары мен кірістердің ұлғайтылған көлемін шығыстар бөлігінде жоспарлау бойынша аудандық бюджетке өзгерістер енгізілген.

Жалпы нақтылау мен түзету барысында шығыс бөлігі 3 908 791,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 3 117 485,0 мың теңгеге кемітілген.

Оның ішінде едәуір жиі өзгеріс енгізілген бөлімдер: жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, құрылыс бөлімі, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бюджетті орындау барысында енгізілген.

Бастапқыда бекітілген бюджеттегі қаржының едәуір ірі көлемде ұлғаюы мен қысқартылуы келесі бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша орын алған:

- жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша – 427 341,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 2 425 911,0 мың теңге қысқартылған;

- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі бойынша – 1 719 919,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 35 657,0 мың теңге қысқартылған;

- құрылыс бөлімі бойынша – 458 686,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 338 266,0 мың теңге қысқартылған;

- жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша – 702 553,0 мың теңгеге ұлғайтылып, 25 489,0 мың теңге қысқартылған.

Аудан бюджеттің шығыстар бөлігі жоспар бойынша 34 480 944,0 мың теңге болса, 34 316 032,9 мың теңгесі игеріліп, 99,5 пайызды құраған. Игерілмеген 164 911,9 мың теңге, оның ішінде Ұлттық қор есебінен 164 616,6 мың теңге, республикалық бюджет есебінен 7,4 мың теңге, облыстық бюджет есебінен 1,7 мың теңге, аудандық бюджет есебінен 286,2 мың теңге мемлекеттік сатып алудан және нақты есептіліктен үнемделген қаржылар.

- Ұлттық қор есебінен аудандық құрылыс бөлімі бойынша 125 032,3 мың теңге 5 инфрақұрылым жүйелерінің құрылыс нысандарынан (*Қарасу ауыл округі, Әйтеке би ауылы, Жаңақұрылыс көшесі бойында орналасатын көлемі 76,0 га жер теліміндегі құрылысы 46 647,0 мың теңге (СУ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ - БӨЛІГІ), Әйтеке би ауылы, Жаңақұрылыс көшесі бойында орналасатын көлемі 76,0 га жер құрылысы 30 887,5 мың теңге (ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ - БӨЛІГІ), Қарасу ауыл округі Әйтеке би ауылы, Жаңақұрылыс көшесіндегі 36,0 га құрылысы 12 487,2 мың теңге (ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ - БӨЛІГІ), Жаңақұрылыс көшесіндегі 36,0 га құрылысы 18 273,2 мың теңге (су жүйесімен қамтамасыз ету - бөлігі), Ақсукент ауыл округі, Әйтеке би аумағы Жаңақұрылыс көшесі бойында жеке тұрғын үйлердің инфрақұрылым жүйелері құрылысы 16 737,4 мың теңге (ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ - БӨЛІГІ)*) барлығы 35 532,6 мың теңге конкурстан үнемделген, 89 499,7 мың теңгесі қоса қаржыландыру шартымен бөлінбеуінен игерілмеген қаржы.

«Сайрам ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы» Сайрам ауданы әкімдігінің 27.01.2021 жылғы №9 қаулысымен және Сайрам аудандық мәслихаттың 29.01.2021 жылғы №2-9/VII шешімімен бекітілген.

Бағдарламада 2021 жылы іске асыруға 4 бағыт бойынша 13 мақсат, 27 нысаналы индикаторлар қарастырылып, жылдың қорытындысы бойынша 26 индикаторларға қол жеткізілген, ал 1 индикаторға қол жеткізілмеген.

Даму жоспарына сәйкес, Сайрам ауданына 2022 жылы 3 бағыт бойынша 12 мақсат, 60 нысаналы индикаторлар қарастырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 1 индикаторға қол жеткізілмеген.

Аудан бюджетінің кіріс түсімдері облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес жоспарланған. 2021-2022 жылдары жергілікті бюджет кірістерінің жоспары артығымен орындалып, шығыстар жоспары 2021 жылы 99,5 пайызға, 2022 жылы 100 пайызға орындалған.

Ауданның коммуналдық меншігіндегі нысандардың жалпы саны 31 бірлікті құраған, оның ішінде: 21 мемлекеттік мекеме, 6 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 1 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 2 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын және 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Коммуналдық меншікте 2 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, атап айтқанда: «Ақсу» және «Таза ауыл» МКК, «Сайрам аудандық мәдениет үйі» МКҚК және «Сайрам Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2021 жылдың қорытындысымен мекемелер 68 389,4 мың теңге шығынмен шыққан. Оның ішінде: «Ақсу» МКК-ны 53,0 мың теңге шығынмен және «Таза ауыл» ШЖҚ МКК-ны 6 892,4 мың теңге, «Сайрам Тазалық» ЖШС-гі 61 444,0 мың теңге шығынмен шыққан. 2020 жылмен салыстырғанда (2020 жылы 3 884,4 мың теңге,) 68 389,4 мың теңгеге шығындар ұлғайған.

Коммуналдық меншікте әрекет ететін 3 мемлекеттік заңды тұлға 2022 жылдың қорытындысы бойынша 35 064 мың теңге шығынмен аяқтаған («Ақсу» МКК -5 068,0 мың теңге, «Сайрам тазалық» ЖШС -29 541,0 мың теңге, «Таза ауыл» МКК 455,0 мың теңге).

2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысымен «Ақсу» МКК – 3 323,0 мың теңге шығынмен (әкімшілік шығыстардың төленбеуінен шығып отыр) аяқтаған.

Қорытындылай келгенде, «Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне және сәйкестігіне жүргізілген мемлекеттік аудит, Мекеменің әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және аудандық бюджетті атқару барысында мемлекеттік бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуын ұйымдастыру және мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруына елеулі әсері барын көрсетті.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында барлығы – 1 114,3 мың теңге (оның ішінде қорытынды әзірлеу барысында 18,4 мың теңге) өтелді, бухгалтерлік есеп бойынша – 134 941,3 мың теңге қалпына келтірілді.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 4 факті бойынша материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне берілді.

Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 20.06.2023 жылғы №11/1310 санды шығыс хаты жолданып,

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.07.2023 жылғы №02-38/2561 шығыс хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабы 1-тармақшасының 2-бөлігімен «Сайрам ауданы әкімдігінің «Көлкент ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маман-есепшісі Естай Сымбат Нұрланқызы әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны хабарланған.

2. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 20.06.2023 жылғы №11/1311 санды шығыс хаты жолданып, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.07.2023 жылғы №02-38/2560 шығыс хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабы 1-тармақшасының 2-бөлігімен «Сайрам ауданы әкімдігінің «Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маман-есепшісі Юлдашева Рахбарай Махамбетовна әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны хабарланған.

3. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 19.06.2023 жылғы №09/1305 санды шығыс хаты жолданып, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 26.07.2023 жылғы №02-38/2559 шығыс хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабы 1-тармақшасының 2-бөлігімен «Сайрам ауданы әкімдігінің «Ақсукеңт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маман-есепшісі Нұрмаханова Ақмарал Төлегеновна әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны хабарланған.

4. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының тарапынан бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғаны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы 20.07.2023 жылғы №11/1519 санды шығыс хаты жолданып, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 09.08.2023-ғы № 02-38/2770 шығыс хатымен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 238 бабының 1-тармақшасының 2-бөлігімен, «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің бас маман-бас есепшісі Айтымбетов Абзал Мырзабайұлы әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығын хабарлаған.

Аудиторлық іс-шара және аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында барлығы 23 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды. Сонымен қатар 6 мекеме бойынша жауапты тұлғалардың жұмыстан босап кетуіне және мерзімі өтуіне байланысты тәртіптік шара қолдану мүмкіндігі болмаған. Атап айтқанда:

1. Сайрам аудан әкімі аппараты бойынша мемлекеттік аудит барысында аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушысының 2023 жылғы 19 мамырдағы №204 санды өкімімен, персоналды басқару бөлімшесінің бас инспекторы А.Тасмурзаеваға жүктелген міндетін тиісінше орындамағаны үшін «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

Аудит барысында анықталған сыйақы сомасы 58,7 мың теңге аудит жүргізу барысында 2023 жылдың 22 мамырдағы №2305223923444 түбіртегімен 206109 коды бойынша жергілікті бюджетке өндірілді.

2. Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің 13.06.2023 жылғы №230-20/01-10/530 шығыс хатымен, ауыл әкімі орынбасары А.Усипбековке және жер инспекторы Н.Сейтбековке «Ескерту» түріндегі тәртіптік шаралар көрілгені хабарланған.

Мемлекеттік аудит барысында артық аударылған 47,9 мың теңге қаржы, 2023 жылғы 01 маусымдағы №620300062750 төлем түбіртегімен «EurAsia Construction group» ЖШС тарапынан 206109 кодына өтелді.

3. Сайрам аудандық мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінде аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлға бас маман - есепшісі Исламова Камилла Ахметбековнаға мекеме басшысының 2023 жылдың 19 маусым айында №28ж/қ бұйрығымен «Сөгіс» түрінде тәртіптік шара берілген.

4. Сайрам аудандық мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық мәдениет үйі» МКҚК-да аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлға кәсіпорынның бас есепшісі Тойлыбаев Ержан Кожабаетичке кәсіпорын басшысының 2023 жылдың 19 маусым айында №53ж/қ бұйрығымен «Ескерту» түрінде тәртіптік шара беріліп, айлық жалақыға артық аударылған 34,8 мың теңге жергілікті бюджетке өндіріліп, қалпына келтірілді.

5. Сайрам аудандық мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ақсу жекпе-жек спорт клубы» КММ-де мемлекеттік аудит барысында мекеме басшысының 2023 жылғы 31 мамырдағы №49 санды бұйрығымен, мекеменің бас есепшісі М.Жолдыбаевқа жүктелген міндетін тиісінше орындамағаны үшін «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

Мемлекеттік аудит барысында анықталған 35,0 мың теңге іс-сапар шығын сомасы аудит жүргізу барысында 2023 жылдың 30 мамырдағы №2305300170485 түбіртегімен 206109 коды бойынша жергілікті бюджетке өндірілді.

6. Сайрам аудандық тілдерді оқыту және дамыту орталығы бойынша мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін орталықтың бас есепшісі О.Байдильдаеваға Оқыту орталығы директорының 2023 жылғы 05 шілдедегі №33Ж/Қ бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза көрілді.

7. Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында Сайрам аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімінің 12.07.2023 жылғы №229-07/07-36/1382 шығыс хатымен бөлімнің есепшісі А.Ергазиеваға 10.07.2023 жылғы №11 жқ бұйрығымен «Ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылғаны хабарланған.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында артық төленген 9,0 мың теңге сыйақы сомасы, 2023 жылдың 14 маусымдағы №2306143632143 және №2306143627256 төлем түбіртектерімен 206109 коды бойынша жергілікті бюджетке өндірілді.

8. «Сайрам аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік аудит барысында мекеме басшысының 2023 жылғы 10 шілдедегі №62-ж санды бұйрығымен, мекеменің бас маман-бас есепші А.Айтымбетовке жүктелген міндетін тиісінше орындамағаны үшін «Ескерту» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

Мемлекеттік аудит барысында негізгі қорларға, беріліс құрылғыларға, құрылыс нысандарына теңгерімге алу бойынша бухгалтерлік сілтемесі беріліп есепке алынып, 127 720,7 мың теңге қалпына келтірілді. Сонымен қатар, айлық жалақыға артық аударылған 110317 теңге 2023 жылдың 04 шілдесінде М.Нурлыбаевтан №0011 түбіртегімен 7795 теңге, А.Төлебайдан №0012 түбіртегімен 14413 теңге, А.Раймбектен №0010 түбіртегімен 19247 теңге, А.Жақыпбектен №0008 түбіртегімен 45869 теңге, А.Абентаевадан №0007 түбіртегімен 19000 теңге, А.Абентаевадан №0004 түбіртегімен 247 теңге, Е.Ниетқабылдан №0009 түбіртегімен 3747 теңге жергілікті бюджет 206109 кодына өндірілді.

9. «Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша бұзушылыққа жол берген жауапты тұлға бас маман-есепші лауазымын А.Пустазёроваға 05.07.2023 жылғы №44 ж/қ бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

Аудиторлық іс шара жүргізу барысында артық төленген 28,5 мың теңге сыйақы сомасы 2023 жылдың 10 шілдедегі №2305223923444 түбіртекпен 206109 коды бойынша жергілікті бюджетке өндірілді.

10. «Сайрам ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғалар:

- мекеменің бас маман-бас есепшісі Туракулова Жанар Керимбековнаға мекеме директорының 19.06.2023 жылғы №149-Ж бұйрығымен «Қатаң сөгіс» түрінде тәртіптік шара;

- мекеменің директор орынбасары Ахметов Аблай Салыбековичке мекеме директорының 19.06.2023 жылғы №146-Ж бұйрығымен «Қатаң сөгіс» түрінде тәртіптік шара;

- мекеменің жұмыс берушілерді қолдау бөлімінің меңгерушісі Шукашев Ильяс Құттыбековичке мекеме директорының 19.06.2023 жылғы №148-Ж бұйрығымен «Сөгіс» түрінде тәртіптік шара қабылданды.

Аудит жүргізу барысында анықталған қаржылық бұзушылық 516,7 мың теңге толық бюджетке өндірілді.

11. Сайрам аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Үйде әлеуметтік қызмет көрсету» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша бас есепші Г.Медетбековке 19.06.2023 жылғы №91 бұйрығымен «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

Аудит жүргізу барысында анықталған қаржылық бұзушылық 27,6 мың теңге толық бюджетке өндірілді.

12. «Сайрам адынының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылыққа жол берген жауапты тұлға бас маман-бас есепшісі Наметова Фарида Калмахановнаға мекеме басшысының 30.05.2023 жылғы № 30 бұйрығымен «ескерту» түрінде тәртіптік шара қолданылды.

13. Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол берген бюджеттің орындалуын талдау және үйлестіру секторының бас маманы Байсапарова Гульназ Алтынбековнаға бөлім басшысының 2023 жылғы 19 маусымдағы №71-жқ бұйрығымен «сөгіс» түріндегі тәртіптік шара көрілді.

14. Сайрам ауданының «Арыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында ауыл әкімінің 28.07.2023 жылғы №41 Өкімімен бұзушылықтарға жол бергені үшін Арыс ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті М.Ташниязовке «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілген.

Аудит барысында анықталған 18,4 мың теңге Аудиторлық қорытынды әзірлеу барысында толық бюджетке өндірілді.

15. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының Ақсукеңт ауылдық округінің әкімінің аппараты бойынша ауылдық округ әкімінің 09.08.2023 жылғы №230-04-15/23565 хатымен 2023 жылғы 9 тамыздағы №54-ЖҚ өкімімен бұзушылықтармен кемшіліктерге жол бергені үшін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті А.Нурмахановаға «Сөгіс» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланса, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 1 287,6 мың теңге бухгалтерлік есебі қалпына келтірілген.

16. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының «Қарамұрт ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша ауыл әкімінің 2023 жылғы 09 тамыздағы №39 Өкімімен бұзушылықтарға жол бергені үшін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті С.Тажобаеваға «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланған (09.08.2023ж №230-33/04-36/836 шығыс хаты).

17. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының «Қайнарбұлақ ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша ауыл әкімінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №45 Өкімімен бұзушылықтарға жол бергені үшін ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті Г.Анарбаеваға «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланған (09.08.2023 жылғы №818 шығыс хаты).

18. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының «Көлкент ауылдық округінің әкімінің 10.08.2023 жылғы №43-ж Өкіміне сәйкес аудит нәтижесімен бұзушылықтарға жол бергені үшін Көлкент ауылдық округінің әкімінің кеңесшісі С.Естайға «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланса, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 3 857,0 мың теңге бухгалтерлік есебі қалпына келтірілген. (16.08.2023-ғы № 230-33/04-36/406 шығыс хаты)

19. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының «Қарабұлақ ауылдық округінің әкімінің 11.08.2023 жылғы №230-20/01-10/1982 хатымен 03.07.2023 жылғы №1-16Ө ж/қ Өкіміне сәйкес бұзушылықтарға жол берген Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті Р.Юлдашеваға «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланса, аудиторлық іс-шара барысында барлығы 2 076,0 мың теңге бухгалтерлік есебі қалпына келтірілген.

20. Аудиторлық қорытындыны әзірлеу барысында Сайрам ауданының «Манкент ауылдық округінің әкімінің 08.08.2023 жылғы №58-ж/қ Өкіміне сәйкес бұзушылықтарға жол бергені үшін Манкент ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-есепшісі бюджетті жоспарлау және орындау бойынша экономисті Д.Тажобековаға «Ескерту» түрінде тәртіптік шара көрілгені туралы хабарланған (10.08.2023-ғы №230-33/04-36/2047 шығыс хаты).

21. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Сайрам аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік аудит барысында жалпы 46,7 мың теңге артық төленген іс-сапар шығыны 14.06.2023 жылғы №2306143512811, №2306143671502, №2306143518620, №2306143528951 және №2306143536311 төлем түбіртегімен 206109 кодына бюджетке өндірілді.

Сондай-ақ, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлға С.Көшербаева 06.04.2023 жылғы №33 Ж/Қ бұйрығымен қызметінен босатылуына және мерзімдерінің өтуіне байланысты тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіншілігі жоқ.

22. Сайрам аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ақсукент спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 04.2022-24.07.2022 жыл аралығында Давлетова Феруза Максудовна бухгалтерлік құжаттарды жүргізу құзыреті мен өкілеттіктеріне кірген. Кемшіліктерге жол берген бас есепшісі Ф.Давлетованың бала күтіміндегі демалыста болуына байланысты тәртіптік шара көрілмеді.

23. Сайрам ауданының «Құтарыс ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша Мемлекеттік аудит барысында айлық жалақыға артық аударылған 135,7 мың теңге қаржы 2023 жылғы 19 мамырдағы №2305190408489, №2305190420466 төлем түбіртектерімен жергілікті бюджетке өтелді.

Сонымен қатар, аудитпен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаның яғни, ауылдық округі әкімі аппаратының салық инспекторы және кәсіпкерлік бойынша бас маманы Н.Жүнісбековтың ауыл округі әкімінің 2023 жылғы 29 наурыздағы №11-жк өкімімен 2023 жылдың 03 сәуірінен бастап денсаулығына байланысты өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты, тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіншілігі жоқ.

22. Сайрам ауданы әкімдігінің «Сайрам тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бойынша бұзушылыққа жол берген жауапты тұлға серіктестіктің бас есепшісі Суттинбетов Елжан Оралбаевич, өз еркімен қызметтен босануып кетуіне байланысты, тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіншілігі болмаған.

23. Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Сайрам ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі бойынша мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол берген жауапты тұлғалардың жұмыстан босап кетуіне байланысты, тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіншілігі жоқ.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында барлығы 3 428,1 мың теңге, оның ішінде жеке табыс салығына 1 853,3 мың теңге және әлеуметтік салыққа 1 564,8 мың теңге есептеліп, бюджетке түсетін қаражат толық есепке жатқызылды.

24. Сайрам ауданының «Жібек-Жолы ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде орын алған бұзушылық фактісі 2020 жылы орын алуына және тәртіптік шара көру мерзімі өтуіне байланысты, Еңбек кодексiне сәйкес тәртіптік шара көру мүмкіншілігі болмаған.

25. Сайрам аудандық «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде орын алған бұзушылық фактісі 2020 жылы орын алуына және тәртіптік шара көру мерзімі өтуіне байланысты, Еңбек кодексiне сәйкес тәртіптік шара көру мүмкіншілігі болмаған.

26. Сонымен қатар, Сайрам аудандық «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақсу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында анықталған 7 459,2 мың теңге тиімсіз пайдаланған қаржы, атап айтқанда:

«Ravon Cobalt4» маркалы мемлекеттік нөмірі 418AA13, «Lada Vesta» маркалы мемлекеттік нөмірі 277AQ13 автокөліктері кері қайтарылып, бүгінгі таңда автотұрақта орналастырылғаны хабарланған.

Сонымен қатар, «Lada Vesta» маркалы мемлекеттік нөмірі 658AX13 автокөлігі салық басқармасы арқылы аукционмен сатылғандығы хабарланған (15.08.2023 жылғы №105 шығыс хаты).

3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша «Сайрам ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалыуына, сондай-ақ ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары сақталмауының салдарынан бұзушылықтар орын алғаны анықталды.

1. Аудиторлық іс-шарамен бюджет қаражатын пайдалану кезінде жалпы сомасы 136 055,6 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар, бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде 134 941,3 мың теңгеге қаржылық бұзушылық, жалпы сомасы 3 418,1 мың теңгеге бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтар, сомасы 10 039,2 мың теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану анықталды. Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 91 бірлік бұзушылық анықталды.

2. Сайрам ауданының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын жүзеге асыру барысында 2021 жылы іске асыруға 4 бағыт бойынша 13 мақсат, 27 нысаналы индикаторлар қарастырылып, жылдың қорытындысы бойынша 26 индикаторларға қол жеткізілген, ал 1 индикаторға қол жеткізілмеген.

Даму жоспарына сәйкес, Сайрам ауданына 2022 жылы 3 бағыт бойынша 12 мақсат, 60 нысаналы индикаторлар қарастырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 1 индикаторға қол жеткізілмеген.

2021 жылдың қорытындысымен Сайрам ауданы бойынша жалпы шығындар 16 функционалдық топ бойынша 34 480 944,0 мың теңгеге жоспар нақтыланып, 34 316 032,9 мың теңге игерілді немесе жоспар 99,5 пайызға орындалып, 164 911,9 мың теңге игерілмеген.

Сайрам ауданы бойынша 2022 жылға шығыстар жоспары 36 687 485,0 мың теңге, нақты орындалғаны 36 687 254,6 мың теңге немесе 100 % орындалған. Жалпы шығындар 16 функционалдық топ бойынша 37 388 920,0 мың теңгеге жоспар нақтыланып, 37 388 689,6 мың теңге игерілді немесе жоспар 100,0 пайызға орындалып, 230,4 мың теңге нақты есептіліктен үнемделген қаржылар.

Сайрам ауданы бойынша 2023 жылға жалпы шығындар 16 функционалдық топ бойынша жылдық жоспары 18 912 874,0 мың теңге, 1.04.2023 жылға жоспары 2 456 699,0 мың теңге, нақты орындалғаны 2 456 609,1 мың теңге немесе 100 % орындалған, 89,9 мың теңге игерілмеген.

Сонымен қатар, 2021-2022 жылдары жергілікті бюджет кірістерінің жоспары артығымен орындалып, шығыстар жоспары 2021 жылы 99,5 пайызға, 2022 жылы 100 пайызға орындалған.

3. 2021 жылдың қорытындысымен мекемелер 68 389,4 мың теңге шығынмен шыққан. Оның ішінде: «Ақсу» МКК-ны 53,0 мың теңге шығынмен және «Таза ауыл» ШЖҚ МКК-ны 6 892,4 мың теңге, «Сайрам

Тазалық» ЖШС-гі 61 444,0 мың теңге шығынмен шыққан. 2020 жылмен салыстырғанда (2020 жылы 3 884,4 мың теңге,) 68 389,4 мың теңгеге шығындар ұлғайған.

Коммуналдық меншікте әрекет ететін 3 мемлекеттік заңды тұлға 2022 жылдың қорытындысы бойынша 35 064 мың теңге шығынмен аяқтаған («Ақсу» МКК -5 068,0 мың теңге, «Сайрам тазалық» ЖШС -29 541,0 мың теңге, «Таза ауыл» МКК 455,0 мың теңге).

2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысымен «Ақсу» МКК – 3 323,0 мың теңге шығынмен (*әкімшілік шығыстардың төленбеуінен шығып отыр*) аяқтаған. Бұл ретте, бюджет саясатының негізгі бағыттарының іске асырылуын ұйымдастыру және мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруына елеулі әсері барын көрсетті.

4. Аудит барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығы және дұрыстығына, бухгалтерлік операциялар мен оқиғаларды жасау барысында ҚР Заңнамалары мен қағидаларының талаптары сақталмағаны анықталды.

5. Сонымен қатар, аудит барысында Сайрам ауданының «Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде орындалған жұмыстардың яғни, жалпы ұзындығы 250 метр қоршаудың (*бақылау өлшемі кезінде нақты бар қоршаудың ұзындығы 145 метр*) 105 метрді құрайтын қоршауы бүлінгендігі, қоршаулардың түбінен кесіліп-суырылып алынғандығы/әкетілгендігі, жоқтығы немесе ұрланғандығы анықталды.

Бұл дегеніміз, Мекеме тарапынан өзінің теңгерімінде тұрған мүліктерге бақылаудың жоқтығын, күтіп ұстаудың, қараудың өз деңгейінде жүргізілмейтінін байқатты. Осылайша, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану болып табылады.

3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Сайрам ауданы бойынша түсімдердің аудандық бюджетке толық, уақтылы түсуін және аудандық бюджет қаржыларының тиімді жұмсалуына, сондай-ақ ауданның даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелері Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Сайрам ауданы әкімінің аппараты мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3. Сайрам ауданының әкімінің аппаратына ұсынылсын:

1) **2024 жылғы 20 ақпанға дейін** мемлекеттік сатып алуды сапалы орталықтандыруды қамтамасыз ету мақсатында, «Сайрам аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінен аталған функцияны жұмыс шеңберінде қайта қарау;

2) **2024 жылғы 20 ақпанға дейін** ауданның коммуналдық меншігіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында, аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың шығындары мен пайдаларын тиісті органдармен қайта қарау.

4. «Сайрам аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) **2023 жылғы 10 қазанға дейін** Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының бұзылуына жол берген Сайрам ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақсу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4 Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.